КӨШІРМЕ
КОПИЯ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 17 желтоқсан №2301-25-00-2/3382 Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында: төрағалық етуші судья А.Е.Султангалиева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Атырау облысы білім беру басқармасының Атырау қаласы білім бөлімінің «№39 «Аққөгершін» бөбекжай-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер Наз Капсаламовна Нурбаева

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану,
2. тұрақсыздық айыбын өндіру туралы,

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 117, 267-4, 223-226, 229 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

Ш Е Ш І М Е Т Т І:

«Атырау облысы білім беру басқармасының Атырау қаласы білім бөлімінің «№39 «Аққөгершін» бөбекжай-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының жеке кәсіпкер Наз Капсаламовна Нурбаеваны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану, 236 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы – қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер Наз Капсаламовна Нурбаева мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер Наз Капсаламовна Нурбаевадан мемлекет кірісіне 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жеке кәсіпкер Наз Капсаламовна Нурбаевадан мемлекет кірісіне 236 теңге тұрақсыздық айыбы және 7 теңге мемлекеттік баж, барлығы 243 (екі жүз қырық үш) теңге өндірілсін.

Жергілікті бюджеттен мемлекеттік баж үшін артық төленген 1959 теңге талап қоюшы «Атырау облысы білім беру басқармасының Атырау қаласы

білім бөлімінің «№39 «Аққөгершін» бөбекжай-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына қайтарылсын.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге Атырау облыстық сотының азаматтық істері жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурородың өтінішхаты Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья А.Е.Султангалиева

Көшірмесі дұрыс.

Судья А.Е.Султангалиева

Шешім заңды күшіне «26» қаңтар 2026 жылы енді.

Судья А.Е.Султангалиева